



# АЛБАН КЕҢЕС





# АЛБАН КЕҢЕС



«*Almaty*  
Алматы  
2007 *Veseliy*»

**ББК 84 Каз 7**

**А**

**А 46 Құрастырушы Р.Айтарбекова**  
**Албан Қенес — Алматы: "Уин Книг", 2007 144-бет.**

**ISBN 9965-738-20-3**

Қолынызға алған осы кітапта Іле ауданының “Күрметті азаматы”, сазгер әрі ақын Қенес Алпысбайұлы Анысбаевтың жүріп өткен өмір жолы көнін баяндады, әрі өзінің шығармалары оқырмандарға ұсынылады.

**ББК 84 Каз 7-5**

**A 4702250201  
00 (05)-06**

**ISBN 9965-738-35-1**

**© Албан Қенес 2007 ж.**

## РУХ БИКТІГІ

Қамшының сабындағы өмірдің қысқа әрі жалған екендігіне дау жоқ. Алайда жалған дүниені жалпағынан басып жүргенде ойыңа ештеңе кіріп шықпайды екен. Бәрі мәңгілік сияқты. Арайлан атқан таңды қуана қарсы аласың да, күйбің тірліктің соңына түсіп кете барасың. Уақыт та адам уысында тұрмайды. Зырылдайды да отырады. Осындай зымыран уақытта еліне, жеріне сыйы артқан, абыройы асқақ, мерейі биік бір жаннан қапыда айрылғандаған селт етіп, өмір, ғұмыр туралы ойлай бастайсың. Іле ауданының іргетасын қалап, оның өсіп-өркендеуі, гүлденуі жолында табандылықпен еңбек еткен атпал азамат Кеңес Алпысбайұлы Алпысбаев дүниеден озыпты деген хабарды естігенде көпшіліктің қабырғасы қайысып, дүниенің жалғандығына тағы да көзі жеткен-ді. Күні кешеғана ауданың байланыс саласында еңбек етудің өзіндік мектебін қалыптастырған, жауапкершіліктің, берік ұстанымның үлгісін жасаған, сонымен қатар өнерге, әдебиетке, қазақ тілінің мәртебесін көтеруге үлкен үлес қосқан Кеңес Алпысбайұлынан аяқ астынан айрыламыз деп кім ойлаған. Алайда Аллаға қалай қарсы тұрасың. Осындай қасіретті де қаралы сәтте қызық-қуаныштың, атақ-абыройдың өлишеулі екендігін амалсыз мойындайды екенсің. Мойындай тұра, о дүниелік болған атпал азаматтың рухына бас иіп, ендігі жерде елге, жұртқа жасаған жақсылығын, бала-шағасына көрсеткен тәлім-тәрбиесін, артына қалдырған еңбегін көпшілікке паш етіп, өзі өлсе де, ісін, сөзін өлтірмеу тірілердің парызы екендігін түсінесің.

Кеңес ағаның өмірінің алауы, жалауы, арманының ақ құсы болған Райхан Алпысбай келінінің, алтындағы қызы Ләйләнің өр тұлғалы үлдары Бақытжан, Ермектің, Ерболаттың баласындағы болған Асылбектің бұл күндеңі қам-қарекеті асыл да аяулы жардың, сүйікті өкенің рухын биіктету, есімін қадірлеп, қастерлеу, оның шығармашылығын жаңғырту, тарихта мәңгі қалдыру. Міне, осындай армандардан, мақсат-мұддеден туындаған мына кітап өздеріңізге ұсынылады құрметті, оқырман.

## ЕҢБЕГІМЕН ЕЛ СҮЙІСПЕНШІЛГІНЕ БОЛЕНГЕН

Іле Алатауының бір сілемі Бақай тауының етегіне орналасқан Жана шаруа ауылы бүгін өзгеше күйге бөлениген. Сонау қасиетті Көлсайдан бастау алғып, бірнеше жоталарды бұза жарып, одан Асыдан асыға құлап, құлди бөктерге келіп табысатын Шелек өзені мен Асы өзені тоғысқан аралықтағы ауыл мектебінен жаныңды жадыратар, көнілді сергітер, ойыңды қуанышты сәттерге, максат-мұдделерге жетелейтін саз өуені естілгендей. Ауыл шетін ала тастан-тасқа секіріп, сарқырап аққан тау өзенінің сылдыры үні мектеп жақтан шыққан әуезді әнмен бірігіп, сан құбыла ойнаған оркестр сазындағы құлакқа жағымды табиғаттың керемет бір күйін шертіп тұргандай. Осы бір сәтті қимағандай, алтын арайлы ару күн нарттай сөүлесін жан-жаққа жарқырата шашып, ұясына баяу бет алған. Көкке шашылған алғып теректер, жапырақтарын жайқалта жайып жіберген неше түрлі жеміс ағаштары арасынан жылт-жылт еткен күннің кешкі нұры шырқалып жатқан әнге қуана қол соғып тұргандай.

Ал әнді шырқап жатқан ауыл қарттары қәдімгі жастық шақтарымен қайта қауышқандай, екпіндерін баса алар емес. Алды жетпістің желкесіне ілінген, арты алпыстың аскарынан жаңа аскан қариялар мен ақ самайлы әжелердің жүздері құлім қағып, бір-біріне қутың-қутың қарап, жастық желікке бой алдырғандай “Арманымның ақ құсы”, “Бәйшешегім”, “Достарыма”, “Жылы жаңбыр”, “Анашым” әндерін наздана, шабыттана шырқауда.

Райхан тәте болса, бақылық болған жары Кеңеспен қайта қауышқандай терен ойға батып, қосағымен қол ұстасып жүрген сол бір бақытты күндерін көз алдына елестеткендей. Жүрегін кернеген сағынышты жанарынан тамған жаспен жеткізуде. “Арман-ай, десенші, 60 жас деген не тәйірі ер адамға. Өмірге соншалықты ғашық еді ғой. Тірі болса, осы құрдастарының ортасында жарқылдап отырмас па?” Осылайша өзімен-өзі үнсіз сөйлесіп отырған Райхан тәте “Уң” деп терен күрсінді. Дауысының қатты шығып кеткені соншалық өн де сап тылды.

— Не болды, саған Райхан? — деп әннен кейінгі мұлгіген

тыныштықты бұзған Гүлқызың апа үзақ бір әңгімені бастап кетті. — Кеңесіміз олғен жоқ. Әлі тірі, бізбен бірге. Артына мынадай тамаша әндер қалдырыған адам өлуші ме еді. Не үшін бүгін жиналдық. Досымызды, құрдастымызды әрі сыныптастымызды еске алу, рухын биіктету, оған салаат айту үшін жиналдық.

Кеңес бала кезінен алғырлығымен ерекшеленетін, — деп әңгімесін одан әрі жалғастырды Гүлқызы Қалиасқарова. Екеуміз 10 жыл бір сыныпта оқыдық. Ауыл ол кезде Арап деп аталушы еді. Арап десе, Арап. Жан-жағын су қармап жататын. Асы өзенінің сарқыры өмірдің күмбірлеген күйін шертіп жатқаңдай әсер ететін. Бастауыш сыныпты Арадда бітірген соң, жоғарғы сыныптарды Малыбай орта мектебіне қатынап оқыдық. Ол кезде машина деген ілуде біреу болса, ол да колхоздың менингінде. Қысы-жазы екі ауылдың ортасында жаяу жүреміз. Мектепке бара жатқанда немесе қайтқанда Кеңестің айтқан әңгімесін тындаумен уақыттың қалай өткенін байқамайтынбыз. Кеңес әзілқой әрі әңгімешіл еді. Қызықты оқиғаларды майын тамыза әңгімелейтін. Әңгімені қызықты әрі күлдіргі етіп айтатын. Окуды жақсы оқыды. Мектептің белсендісі де Кеңес болды. Көркемөнерпаздар үйірмесіне қатысып, ән айтып мектептіңabyройын асқақтатып жүрді. Дауысы қандай керемет десеңші!

Әншілігімен, әзілқойлығымен оқушыларды жаңына шырқ үйіретін, — деп әңгімені іліп әкетті Кеңес ағаның құрдасы Манаш Дайлыбеков. Ұйымдастыруышың қабілеті күшті еді. Аяқ астынан балаларды жиып, бір іске жұмылдыра қояды. Бауырмашылдығы, досқа адалдығы бала кезінен байқалатын. Кейін мектеп бітірген соң да, құрдастарын, жерлестерін ұмытпай, ауылға келген сайын басымызды қосып, арқа-жарқа болушы едік. Композиторлық атағы бүкіл Қазақстанға тарап, қызметі жоғарылаған кезде де Кеңес баяғы мінезінен айнымады. Шамасы келгенше туған-тыстарына, дос-жарандарына көмектесіп, қол ұшын беруші еді марқұм. Тау етегіне орналасқан шағынғана ауылға телефон сымдарын тартқызған Кеңес еді. Қайда жүрсе де жерлестерін мақтан тұтып, туған ауылын айтып, марқайып, масаттанып отыру оның айнымас әдеті болатын.

Ұясына батып бара жатқан күн нұрымен шырайланған жасыл желекті ауылдың жаз айындағы осы тамаша сәттерін өзімен бірге ілестіргендей жеңіл машина Өтеген батыр кентіне қарай бет

түзеді. Теп-тегіс асфальт төсөлген жолды женіл сырғытып, тұнық суда еркін жүзген кемедей жүйткіп келеді. Сол қапталдағы тіршілікке айбынымен, алыштығымен тәккәппарлана қараган тау сілемдері артта қалып жатыр. Машина ішінде отырғандардың бәрі мектентегі еске алу кешінің әсерінен арылар емес. Рульды мықтап ұстан, қара жолдан көз айырмай келе жатқан Ерболат анда-санда анасы Райхан тәтеге жаутаңдал қарал қояды. Жүзі мұнға жүргегі сағынышқа толы Райхан тәте ішкі сезімін білдіргісі келмегендей біресе ұлы Ерболаттың, біресе қызы Ләйләнің маншайынан сипап, оларды алдаркатқан болады.

“Жақсының аты өлмейді” деген осы да. Шынында да өзінің бітім болмысымен, кескін-келбетімен, іс-әрекетімен, кең пейілділігімен жүртyna жақкан, еліне еңбегі өткен адамдар көзден кетсе де, өмір бойы қонілден кетиейді екен. Соның бірі аяулы азамат Кенес Алпысбаев!

Кенестің арғы атасы Албан руы, Ақ Қыстық елінің баласы Жақсылық болса, одан Алиысбай, Отарбай, Алпысбайдан Оқан, (Оразхан) Кенес таранты. Кенес дүниеге келген соң коп ұзамай әкесі майданға аттанады. Жөргекте жатқан жас бала әке алақанының жылуын көрмей, ана мейіріміне канбай өседі. Анасы Әзизаның қос қарлығашының қасында күні-түні болуға уақыты жетпейтін. Заман солай еді ол кезде. Ер-азаматтардың бас қөтерері майданға аттанғанда, ауылдағы бар ауыртпалық әйелдерге түсті. “Томен етекті” деп еркектерден томендеткенімен де, әйелдер жеме-жемге келгенде бойындағы нәзіктігін, ибалығын ұмытып, белді шарт буып қайраттанып, өжеттеніп кетеді емес не. Соғыс жылдарында да біреулері сүйген жарларын, біреулері жалғыз ұлдарын майданға жылап-еніреп шығарып салған аналар ертесінде-ақ, қабактары қатуланып, қаруланып, колхоздың ер-азаматтары атқаратын жұмысына кірісп қетті. Жер жырту, егін егу, астық ору, арба айдау сияқты ауыр жұмыстарды белдері қайыса өздері аткарды. Осындай жұмыстардың бел ортасында Әзиза апамыз да жүрді. Бір баласы аяғын апыл-тапыл басып, жанадан жүре бастаса, Кенесі жөргекте жатқан Әзиза екі құлының жетектей немесе арқалай жұмысқа баратын. Балаларын көрпеге орап, егіс басына қалдырып кетіп, белі қайыса соқа тартып, жер жыртып, егін

егіп, су сугарып, орақ орып, өйтеуір бітпейтін бір жұмыстарды үйымдастырып, басшылық жасап, өзі де елмен бірге араласып, кез-келген жұмысты атқара беретін. Арасында ауыр жұмыстан арқалары қайысып, шаршағанда, бір сәт белдерін жазып, демалып, соғыста қан кешіп жүрген ерлерін ойлап, сағынышты, сазды өуенге басып, даланы өнгө бөлейтін. Сондай сөттерде Әзизаңың дауысы дараланып тұрушы еді. Өзінше бір макамға салып, қоңыр дауысымен:

*Заман мынау сүм соғыс,  
Немістерге мың қарғыс.  
Аман-есен келсе екен,*

*Бір үйден кеткен қу жалғыз, — дәп өуелете шырқап, ашуызасын өнмен шығаратын. Майданнан қуанышты хабар келсе де әйелдер жиналып, жақсылыққа ортақтасып, оның артын өнмен аяқтайтын. Сөйтіп, олар оздерін-өздері алдаپ, қайғы-шерлерін өнмен жұбататын. Мүмкін Кеңеске анасының әншілігі, жанынан құрап өлең шығаратындығы, бесігінен дарыған шығар.*

Әкесі сол кеткеннен оралмады. Жау қолынан қаза тапты. Сондықтан ба, әлде табиғатынан ширақ болғандығынан ба, Кеңес жастайынан шыдамды, әрі қағылез, айтқанынан қайтпайтын өжет болатын. Дүниенің парқын да жақсы білетін. Парқын білгендігі сол, орта мектепті бітіріп, оқуға түсер кезде мамандық таңдаудан бұрын жатақханасы бар оқу орнын іздеді. Сойтіп жүріп байланыс техникумына тап болды. Қалайда білім алу қажет болды. Ол кезде Алматыда туыс деген атымен жоқ. Пәтерге төлейтін ақша тағы жетіспейді. Не болса да жатақханасы бар оқу орнын табу басты мақсатым еді, деген еді ол өзінің бір әңгімесінде. Техникумды үздік аяқтаған соң еңбек жолын Шелек аудандық байланыс торабында қатардағы қызметкерден бастады. 1961-1964 жылдары Отан алдындағы азаматтық борышын Германияда отеп қайтты. Әскерде жүріп партия қатарына өтті. Әскерден келісімен ісі ширақ, сөзге берік, тәртіпке мығым жас коммунист Кеңес Алпысбайұлына Еңбекшіқазақ, Шелек аудандық байланыс торантарын басқару сеніп тапсырылды. Іле ауданы жаңадан ашылғанда, жас та болса, іске ысылған, тәжірибесі бар Алпысбаев осындағы байланыс торабының бастығы болып тағайындалды.

Кеңес Алпысбайұлының сол кезде жасы небәрі 27-де еді. Талғар ауданынан бөлініп, өз алдына жаңадан отау тіккен Ілеңің қай саласында болмасын, атқарылатын жұмыс ауқымды болатын. Әсіресе байланыс саласы өте бір іскерлікті, жаңашылдықты, үлкен жауапкершілікті талап етті. Отken ғасырдың жетпісінші жылдарының басындағы байланыс жүйесін көз алдыңызға елестетіп көріңіші. Ауылда ілуде бірекі телефон ғана. Оның өзі бірде істесе, бірде істемей қалады. Білімді де іскер жас жігіт айналасы бірер жылдың ішінде 500 нөмірлік телефон жүйесін іске қосты. Көп ұзамай аудан орталығы өуелі Қапшагайға, содан соң Энергетик кентіне қоныс аударды. Орталықтың бір елді мекенінен екіншісіне көшірілуі байланыс саласының жұмысын қайтадан басынан бастауга мәжбүр етті. Өйткені, ол кеңседегі толып жатқан қажетті мәліметтер мен ақпараттар емес, өзінің техникалық, материалдық ерекшелігі бар жүйе. Автоматты телефон стансаларын іске қосу, жаңа байланыс үйінің ғимаратын тұргызу сияқты істер үлкен табандылықты, мүкіяттылықты талап ететін. Кеңес Алпысбайұлы мұндайда өзіне де, өзгеге де жауапкершілік койып, темірдей тәртіп ұстанымынан айнымайтын.

Жұмыста қатал көрінгенмен, достарының, туыстарының арасында мейлінше жайдары еді. Ән шығарып, өлең жазып, шығармашылықпен еркін айналысуына осы мінезі әсер еткен болуы керек, сірө. Әйтпесе бір-біріне үш қайнаса сорпасы қосылмайтын байланыс саласы мен өнерді қатар алып жүру екінің бірінің қолынан келе бермейді емес пе. Өзінің саналы ғұмырын байланыс саласына арнай отырып, 30-ға тарта ән жазу, “Арманымның ақ құсы” атты күйтабақ жаздыру, “Бәйшешегім”, “Жастық шақ әуендері” атты ән-жинақтарын шығару, “Анашым”, “Достарым”, “Қазақ топырағы”, “Жылы жаңбыр” сияқты әндерін қазақ радиосы мен эстрада-симфониялық оркестрінің сүйемелдеуімен таспаға түсіріп, қазақ радиосының алтын қорына қосу сияқты шығармашылық жұмыстарды атқару шынында да сегіз қырлы, бір сырлы азаматтың ғана қолынан келетін шаруа. Кеңес ағаның ойға бай, аса сезімтал, көкірегінің күмбірлеген күйге бөленіп тұратындығы анасынан дарыған қасиет болуы керек. Өйткені жасынан анасынан ән тыңдал, оның айтқанын көкейіне тоқи

жүріп, бойына тиянақтылық пен тәрбиелікті, өнерге құштарлықты дарыта білді. Шешесі ыңылдалап ән салса, Кеңес тыңдаудан жалықпайды. Тыңдағанды есіне сақтай да біледі.

Еліміз өз алдына тәуелсіздік алғанда Кеңес Алпысбайұлы барша қазақстандықтар сияқты шаттана куанды. “Бұл өмір бойы ата-бабаларымыздың аңсаған арманы емес пе еді. Мұндай бақыт қазақтың мандайына жалғыз рет қонады” деген еді бірде алқалы жынында. Куанумен қатар тәуелсіздігіміздің тұrlаулы, егемендігіміздің баянды болуы жолында белсеніп, бел шеше іске араласты. Әсіресе мемлекеттік тіліміздің мәртебесін көтеру мақсатында ауданда қыруар жұмыс тыңдырыды. Ол “Қазақ тілі” қоғамын құрып, оның жұмысын жандандырып қана қоймай, аудандағы жергілікті ұлт өкілдерінің санын арттыруға да айрықша мән берді. Сол мақсатта Алтай өлкесіне барып, сондағы қазактарды ата қонысына көшіріп алуға басшылық жасады. Әрі көшіп келген қандастарымызға ағалық қамқорлығын жасап, олардың осында ойдағыдан қоныстануына мүмкіндік туғызды. Көше, жер, су, елді мекен атауларын тарихи қалпына келтіруге мұрындық болды. Сонымен бірге өзі іргесін қаласқан Іле ауданында ана тілінің мәртебесін көтеру, Өтеген батыр кентінде Мұқағали Мақатаев атындағы қазақ орта мектебін ашу мақсатында қашшама күш-жігер жұмсады.

Мен Кеңес ағаны 1978 жылдан бері білемін. Ол кезде аудандық газет Қапшағай қаласынан орталыққа өлі көшірілмеген болатын. Бір күні жұмыс аяғына таман газеттің сол кездегі фототілшісі Нұрманбет Қизатов келіп:

— Әлгі машинка басатын Сара сұранып кетіпті, менің досым аудан орталығынан телефон соғып, өзінің жазған өлеңін машинкаға бастырып беруді сұрап еді, соған қиналып тұрғаным. Уақытың болса көмектессең қайтеді”, — деп өтініш жасады. Мен келісімімді бердім. Көп үзамай, бір ағай дәптер паракшасына жазылған 5-6 шумақ өлеңді өкеп берді. Ол кезде мен жұмысты жаңадан бастаган жас маманмын. Әрі қыз баламын. Тәрбие солай ма, өлде бір көрген адамнан үялдым ба, бетіне тіктеп қарамай, өлеңді басып бердім. Ертесінде Нұрманбет ағай:

— Роза саған көп рахмет, досым кешегі өлеңін бүтіннен қалмай, нотасымен көркемдік кеңесске апаруы керек еді, машинкеге басып бергенің жақсы болды. Сен білесің бе, ол —

әуесқой сазгер Кеңес Алпысбаев қой, — деді. Мен таңдана, әрі таңырқана ойланып қалдым. Есіме “Арманымның ақ құсы” өні түсті. Қазақстан Республикасының халық артисі Нұрғали Нұсіпжановтың орындаудында талай рет естігенмін. Эннің авторы Кеңес Алпысбаев екенін де білетінмін. Бірақ, Кеңес Алпысбаевтың осы Іле ауданында жауапты қызмет атқаратынын, әрі әуесқой сазгер екенін білмеппін. Бір жағынан соны осы уақытқа дейін білмегеніме үялдым да.

Кейіннен жұмыс бабына байланысты хабарласып, телефон арқылы сөйлесіп түрдүк. Газетте байланыс торабының жұмысы жайлы мақалалар жарияладым. Ол кісімен жұзбе-жұз кездесіп, сұхбат құрганым 1992 жылдың бас кезі, яғни ағаның 50 жылдық мерейтойы қарсаңы еді. Газеттің бас редакторынан маған Кеңес Алпысбаев туралы мақала жазу жөнінде тапсырма берілді. Осыған байланысты Кеңес ағамен жолығып, өзі туралы айтуын өтінгенімде:

— Мениң өмірбаяным, сазгерлігім жайында бұрын да бірнеше мәрте жазылды гой. Одан да әңгімелізді сұхбат ретінде өрбітсек, мемлекеттік тілдің мәртебесі, өзір өзім басқарып отырған “Қазақ тілі” қоғамы жайлы әңгіме қозғасақ дұрыс болар еді, — деп ұсыныс жасады.

Сол жолы Кеңес Алпысбаевпен сұхбаттасу кезінде оның бойынан ұлтына, өнеріне, тағдырына, тіліне сүйіспеншілік, еліне деген патриоттық сезім, “Мен қазақтын” деген асқақ мақтаныш анық сезіліп түрдү. Кейіннен сұхбаттың толық мәтіні дайын болған кезде, Кеңес ағаның әрбір сөзге, сөйлемге ден қойып, жазылған дүниені шүкшія, астын сыза оқығаны да мені қатты таңқалдырыды, әрі састырды. Шынымды айтсам, сол жолы кезінде КазМУ-дің журналистика факультетінің деканы болған, филология ғылымдарының докторы, менің диплом жұмысының жетекшісі марқұм Темірбек Қожекеевтің алдында емтихан тапсырып тұрғандай дірілдегенім бар. Жазғандарымды жоққа шығара ма деген қорқыныш бойымды билеп, әрі-сәрі белгісіз бір күйге түстім. Оқып болған соң, аздаған түзету енгізіп, сұхбатты қайтарып беріп:

— Кейбір журналистер өзің айтпаған сөздерді қосып жібереді. Сондықтан гой мүқият оқып шыққаным, — деді сынағандай. Осыдан-ақ оның жазылған әрбір сөзге байыппен, мән бере,

астарына терең үніле қарайтын ұқыптылығы байқалып тұрды.

Кеңес Алпысбайұлы қалай дегенмен де, Іле ауданының өсіл-өркендеуіне, іргелі де, ірі өндіріс ошагына айналуына, экономикасының қарыштап алға басуына бір кісідей атсалысқан асыл азамат. Өмірінің соңына дейін аудан көшін бастаған атқа мінер азаматтардың бел ортасында жүріп, артына өзіндік өрнек, ізгілікті із қалдыра білді. Абырой биігіне көтеріліп, өзінің іскерлігін, тума дарындылығын өзгелерге мойындасты. Телефон желілерінің тербелісіне көңіл-күй сезімін, кеудесіндегі күмбірлекен сазды қосып, өзінше бір үндескен қайталанбас дүние жасады. Оның байланыс саласындағы өнегелі ісі, артынан ерген көптеген шәкірттеріне тағылым-тариҳ болса, жанға жылулық берер, көкіректі өдемі сезімге бөлер іңкәрлікті, құштарлықты білдірер өуендері мәңгі көкте қалықтай бермек.

Көзі тірісінде ел қамын ойлай білген, өзінің барлық құш-куатын, бойындағы ерекше қасиетін, туған ауылдының рухани, мәдени өмірін гүлдендіруге жұмсаған, қасиетті ана тіліміздің бедел-абыройын қорғауға белсене қатысқан, зиялды қауымның алғы шебінен, биік тұғырдан көріне алған Кеңес Алпысбайұлының есімі ешқашан ұмытылмақ емес.

*Роза АЙДАРБЕКОВА.*



## НАҒЫЗ ҰЛТЖАНДЫ АЗАМАТ

Кеңес Алпысбайұлы Алпысбаевты мен сонау 1985 жылдан бері білемін. Ол кезде мен ауданымыздың бірден бір іргелі шаруашылығы “Іле” совхозында партия-кеңес қызметкері едім. Алғаш танысқаннан-ақ Кеңес Алпысбайұлы “Ерболат бауырым” деп менімен емен-жарқын араласып кетті. Бәрімізге белгілі откен ғасырдың сексенінші жылдарының орта шенінде қайта құру кезеңінің дәуірлөп түрган кезі. Бәріміз коммунистік партияның жауынгеріміз. Сөзіміз де, ісіміз де бір-бірімен қабысып, тоның ішкі бауындай жымдастып жататын.

Кеңес Алпысбайұлы ауданың байланыс торабын басқарады. Түрлі жындарда, партия конференцияларында осы саланың жұмысына байланысты мәселе көтеріп, ұсыныстарын айтудан жалықтайтын. Өз ұсынысын өткізуге келгенде, берік ұстанынан қайтпайтын. Жөнсіз кедергі жасағандар немесе мәселені шешуге салғырт қарагандарға лауазымы өзінен үлкен болса да, ойындағысын ашық айтатындығы маған ұнайтын. Тік мінезділігінің өзі қоңтің мысын басып тастаушы еді.

Кейіннен мен аудан қолеміндегі басшылық қызметке ауысқанымда, Кеңес Алпысбайұлымен жұмыс бабына байланысты жиі кездесіп тұрдық. Сонда ол кісінің бойынан ұлтжандылық, елі, жері, ауданы үшін жанын аямайтын намысқойлық қасиеттерін байқадым. Біздер әсіресе, телефон байланысының жұмысы, зейнетақының уақтылы төленуі, хат-хабардың дер кезінде өз иелерін табуы, баспасөз науқанының ойдағыдай өтуі жөнінде жиі пікір алмасатынбыз. Мұндайда байланыс саласының басшылық жұмысынан мін таба алмайтынбыз. Кадрларды таңдауда, оларға талап қоюда Кеңес Алпысбайұлының өзіндік әдіс-тәсілі тәжірибесі бар-тұғын. Әсіресе, баспасөзге жазылу науқаны кезінде, үлкен белсенділікті танытып, жергілікті пошта бөлімшелерінің жұмысын барынша қатаң бақылауға алатын.

Откен ғасырдың тоқсаныншы жылдарының басында ана

тілі мәселе сі мемлекеттік тұрғыда көтеріліп, жер-жерден “Қазақ тілі” қоғамдары құрыла бастады. Осы тұста Іле ауданында да “Қазақ тілі” қоғамы құрылып, Кеңес Алпысбайұлы төраға болып сайланды. Кеңес ағамыз шын мәнінде ана тілінің жаңашыры бола білді. Қоғам жұмысын жаңдандырумен қатар, жер, су, көше, ауыл аттарын тарихи атауына байланысты өзгерту жөнінде айтулы ақын Нұсіпбек Исахметов екеуі қыруар жұмыс атқарды. Кеңес аға ерінбей-жалақпай мұрағаттарды актарып, орысшаланып кеткен көше, жер атауларына байланысты деректерді жинастырып, хаттап, накты мысалдарды келтіре отырып, аудан басшыларына мәселе қоя білді. Сол жылдары ауданымызда көптеген көшелерге, ауылдарға бастапқы тарихи атауы қайтарылып берілді. Мұқағали Мақатаев атындағы • 43 орта мектептің анылуына да Кеңес Алпысбайұлы көп еңбек сіздірді.

Кеңес Алпысбайұлы сазгер ретінде де республикамызға да кеңінен танылды. Кеңес ағаның ақын Нұсіпбек Исахметовпен достығы керемет еді. Екеуі бірін-бірі толықтырып тұратын. Аудан, облыс көлемінде өтетін идеологиялық шара бола қалса, осы екеуінсіз отпейтін. Бірі ақындығымен, екіншісі сазгерлігімен кез-келген мәдени шараның көркін анып, мазмұнын байытып отыратын. Екеуінің әзіл-қалжыны да жараса кететін. Кейбірде үлкен бас қосуларда Іле ауданына байланысты сын, реніш айтыла қалса, Кеңес ағамыз арыстанша айбаттанып, ауданың намысын жыртып, шыр-пыр болушы еді. Оған Нұсіпбек ағамыз қосылып, отқа құйылған майды қыздыра түсетін. Соңда бәз біреулер: “Оу, бірің Шелектің, екіншің Үйгыр ауданының жігіттерісіңдер, несіне Іледе бола намыстанасындар?” — десе, Кеңес аға: — “Су ішкен құдығыңа тұқірме”, — деген нақыл бар. Әрине, туган жерімізге ештеңе жетпейді. Бірақ, жасымыздан еңбек етіп, Іле ауданының негізін қалауға үлес костық. Осы Іледе жүріп, елге танылып, абырай биігіне көтерілдік. Сол үшін де Іле бізге ыстық, әрі екінші тұған жеріміздей болған қасиетті мекен”, — деп өз сөзімен елдің бетін қайтарып тастайтын. Шынында да, Кеңес Алпысбайұлы мен Нұсіпбек Исахметов екеуінің еңбектері еленіп, олар Іле ауданының “Құрметті азаматы” атағын алды. Екеуін де аудан халқы мақтан тұтып,

қадірлейтін. “Арманымның ақ құсы” сияқты тамаша өнімен бүкіл қазақ халқына танымал болған Кеңес Алпысбаевтың ауданымызда ұзак жыл басшы қызмет атқарғандығы, осы жердің идеологиясына өзіндік үлес қосқандығы үрпақтан-үрпаққа тарих болып қала бермекші. Азамат беделін баянды ететін жүріп откен жеріндегі келелі істері, кімге болса да тік қарайтын жарқын жүзі, кезегі келгенде кесіп айттар сөзі болса керек. Ендеше, Кеңес Алпысбайұлы нағыз осындай азамат бола білді.

*Ерболат ТҰРЫМБЕТОВ,  
Іле ауданы әкімінің бірінші орынбасары.*



## ЖАРҚЫН БЕЙНЕҢ ЖАДЫМЫЗДА, КЕҢЕС ІНІМ!

Қашанда ұлылық жердің кеңдігімен, елдің байтығымен, әрі сол халықтың даңқын аспандатқан перзенттерінің ғажайып істерімен де өлшенген. Халық Абай, Жамбыл, Мұхит, Біржан, Ақан Сері, Мәди, Кенен сияқты өнердің қайталанбас таланттарын берсе, кейінде солардың үнін жаңғыртып, ісін жалғастырған Ш.Қалдаяқов, Ә.Еспаев, Ә.Бейсеуовтер сияқты дарындар келіп, олар өз халқына өлмес рухани қуат берерлікте әсем әндер қалдырыды. Соның бірі Кеңес Алпысбаев.

Мен Кеңесті 1975 жылдан білемін. Осы жылы отбасыммен Алматы қаласынан Қапшағайға көшіп келіп, Іле ауданының оқу бөліміне өдіскер болып жақадан ғана қызметке орналасқан едім. Бір күні барлық мектеп директорлары шақырылып, үлкен жиналыс болды (Совет районо). Жиналыс басталмай тұрып, орта бойлы, аққұбаша әдемі бір жігіт маған арнайы бұрылып:

— Төрткен, Төрткен деп жүр ғой елдің бәрі,

Үніңе ғашық болып жас пен кәрі, — деп өлеңдете келіп, қолымды алды. Өзінің Ұнтымақ ауылы орта мектебінің директоры екендігін, мені сырттай білетіндігін айтып:

— Кенен Эзірбаевтай үлкен ақынның өнерпаз қызымен қызметтес болу бақыт қой, орының құтты болсын! — деді. Таныса келе, екеуміз құрдас болып шықтық, әрі екеуміз де бір институттың (КАЗПИ) түлегі, мамандығымыз да қазақ тілі мен әдебиетінің мұғалімдері екен. Бұл жігіт — белгілі ақын Нұсіпбек Исахметов еді. Бір күні мені Нұсіпбек Кеңеспен таныстырыды. 1955-1965 жылдары радиодан К.Алпысбаевтың сырлы-сазды “Арманымның ақ құсы” әні жиі-жиі айтылатын. Оны үйреніп, өзіміз де орындаған (ол кезде мен де жассын), “Шіркін, осындаі өн шығарған сазгер қандай болды екен?” — деп онымен танысады армандағанмын. Сол Кеңесім осы ауданың байланыс торабының қызметкері болып шықты.

Таныса келе: — “Кеңес-ау, сен сазгер” емессің бе? Мұнда қайдан жүрсің? — деген сұрағыма:

— Бұл жағынан, Төрткен әкпе, мен Кенен атама

тартқанмын. Өзім өлеңін жазамын, өзім өнін шығарамын, өзім орындаймын, — деп, өзіне тән жайдарылықпен күліп алды. Иә, айналайын, бұл сенің бойыңа табиғат берген ерекше талант қой. Ол өркімге беріле бермейді. Оған ие болуың керек, — дедім.

— Мамандығым байланысшы болған соң қызметке көп уақытым кететіні рас, алайда, құдай берген өнер құдірет қой, дамыл таптырмасы анық, — деді ол. Міне, осы күннен бастап 30 жылға жуық үшеуміз бірге, бір жерде еңбек етіп, талай-талай мәдени іс-шаралардың ортасында, Нұсінбек-акындығымен, Кеңес-сазгерлігімен, мен-әншілігіммен бірімізді-біріміз толықтырып, ауданымыздың абырай-атағын аспандатып қатар жүрген кездерімізді қалай ұмытарсың?! Орындары үцірейіп қалғандығын ойласаң, жүрек сыздайды. Амал не?! Алайда, Кеңес Алпысбаев артына өшпестей мұра қалдырды. Ол — оның әндері, өлеңдері.

Бірде Н.Исахметов: — “Осы жұрт Кеңестің ән шығарғыштығын “Арманымның ақ құсымен” ғана бағалайды. Ол отызға жуық әннің авторы. Кеңесті танып-білу үшін оның әндерін тыңдай білу қажет”, — деп, оның “Анама”, “Жылы жаңбыр!”, “Достарыма” деген көптеген шығармаларының тәрбиелік мәніне, сазгерлік шеберлігіне тоқтап, бағалаған еді. Десе, дегендей-ақ, Кеңестің әндерінің қалықтағанына ширек ғасырдан асып барады. Сазгердің әндерін кезінде Қазақстанның халық өртістері Нұрғали Нұсінжанов, Лаки Кесоглу, Гүлвира Рaziева, Люция Төлешова, Зейнеп Қойшыбаева, Венера Қармысовалар орындайтын. Сазгер ақынның әр туындысы біздің күйкі тірлігіміздің шын болмысын ашып беріп, азаматтық ұлттық санамыздың оянуына әсер ететін.

Азаматтың ажарын аша түсер басты өлшем — оның ісі. К.Алпысбаев 30 жылдан астам уақыт тек Іле ауданының байланыс торабының басшысы болды. Әсіресе Қапшағай қаласы мен бүкіл ауданың байланыс жүйесін жолға қоюдағы еңбегі ұшан-теңіз. Ол қандай да бір жұмыс атқармасын, іскерлігімен ерекше көзге түсетін білікті басшы, талантты үйымдастыруши ретінде абырай, құрметке ие болған адам.

К.Алпысбаев еліміз егемендік алған алғашқы жылдары аудандық “Қазақ тілі” қоғамының төрағасы болып сайланды.

Ол жер-жерлерде қазақ мектептері мен бақшаларын ашу, ауыл, көше, жер, су атауларын тарихи қалпына сай түзету тәрізді иғі істерге аянбай атсалысқан қоғам қайраткері. Аудан орталығы Отеген батыр кентінде ашылған • 43 казақ орта мектебін ақының ақын Мұқағали Макатаев есімімен атауды алғаш ұсынған да осы Кеңес еді. Бұл күнде • 43 М.Макатаев атындағы мектеп тамырын тереңгеге жіберген бәйтеректей жылдан-жылға көркейуде.

... Топ жарған тұрғыластан өуел бастан,

Үлгі боп інілерге ізін басқан.

Тындырған шаруаларың тау боп жатыр,

Үққанға өр бір жылың бір-бір дастан... — дегендей-ақ, өмірін өнерімен өрнектеген, адамгершілігі мен парасаты қөпке үлгі, аяулы жар, ардакты әке, абзал ата бола білген Кеңесті мәңгі есте қалдыру үшін Отеген батыр кенті “Қуат” ықшам ауданының бір көшесі К.Алпысбаев есімімен аталғандығы бізге үлкен мақтаныш.

*Төрткен КЕҢЕҢҚЫЗЫ,  
“Іле ауданының  
Құрметті азаматы”,  
зейнеткер ұстаз.*



## ТУЫСҚА БАУЫРМАЛ, ДОСҚА АДАЛ

Мен Кеңеспен сонау 1970 жылы таныстым. Сол жылы Талғардан бөлінген Іле ауданы жақадан өз алдына шаңырақ көтерген-ді. Жақадан құрылған ауданға жан-жақты мамандар шақырылды. Маман болғанда отыздың ар жақ-бер жағындағы жастар. Бәріміз де сен түр, мен атайын дейтіндей, әлекедей жаланып жұмысқа кірістік. Жаңа аудан болғандықтан, барлық саланың жұмысын жаңдандыру, экономиканы алға бастыру бағытында жұмыла күш жұмсап, белгілі бір мақсаткерлікпен еңбек етуді коммунистік партия бізден қатты талап етті. Мен аудандық ауыл шаруашылығы басқармасында аға қаржыгер-экономистін, Кеңес болса, байланыс торабын басқарады. Алғаш танысқаннан-ақ сиымыз, достығымыз жараса кетті. Өзі де ақжарқын, адамның іші-бауырына кіріп кететін бауырмал жан еді. Келе-келе отбасымызben араласып, қодімгі туыстай болып кеттік. Балаларымыз да бірге өсті.

Аудан орталығы басында Николаевкада болса, одан Қапшағайға, кейіннен қазіргі Отеген батыр кентіне ауыстырылды. Мұндай кошіп-қону өсіреле байланыс саласы үшін оңай болған жоқ. Біз ғой қағаз-қаламымызды алғып жүре береміз. Ал Кеңес болса, көшкен сайын жұмысын қайтадан бастауға мәжбүр болды. Олай дейтінім, аз уақыттың ішінде Николаевкада жақадан байланыс желісін пайдалануға бергені сол еді, аудан Қапшағайға көшірілді. Теніз жағасындағы жас қалада байланыс желісі сын көтермейтіндей еді. Мұнда 1500 номірлік автоматты телефон желісін іске қосқаннан кейін-ақ аудан қайтадан қазіргі Отеген батыр кентіне көшірілді. Алматы қаласының дәл жанында болса да мұндағы байланыс саласының жағдайы мақтанарлықтай емес еді. Автоматты телефон станциясының үйі ескі, көзге қораш корінетін. Кеңес Алинысбаев үш қабатты байланыс үйінің құрылышын салуда, оны пайдалануға беруде үлкен күш жұмсады. Міне, осының бәріне мен күә болдым.

Кеңестің жүрген жері өзіл-қалжың, ән-думан болатын. Өзіне

жарасатын әдемі даусымен ән шырқап, кештің, отырыстың көрігін қыздыра біletін. Сазгерлігі өз алдына, коммунистік партияның талабы өте қатаң еді ғой. Әсіресе басшы адамға.

Өзінің негізгі атқаратын қызметінен басқа толып жатқан қоғамдық жұмыстардан қолың босамайды. Сонда Кеңестің қай кездे ән шығаратынына таңданыспен қарайтынбыз. Арнайы музикалық білімі болмаса да, әнді нотага түсіріп, жарыққа шығаратын. Ол кезде қазіргідей емес, өнер адамдарына да талап күшті болатын. Шығарған әнің көркемдік кеңестің талқысынан өтпесе, ештеңеге жарамайтын. Кеңестің әндерін Нұрғали Нұсіпжанов, Зейнеп Қойшыбаева, Люция Төлешова сынды майталман әншілердің орындауы, оның тамаша сазгер екендігіне шек келтірмесе керек.

Кеңестің алған бетінен қайтнайтын батылдығы, бірбеткейлігі кейде біреулерге ұнамайтын. Бірақ шешуі кешеуілдеген бір істерде пайдаға да асатын. Осыған орай мына бір оқиға еріксіз ойға оралады.

— Республика бойынша қазақ тілі қоғамы құрылыш, оның жер-жерде бөлімшелерінің ашылып жатқан өткен ғасырдың токсанының жылдарының бас кезі. 130 мыңнан астам халқы бар Іле ауданында бірде-бір қазақ мектебі жоқ. Осы сәтті пайдаланып, марқұм Нұсіпбек Исахметов, Кеңес Алпысбаев, қазіргі құрметті зейнетте жүрген Торткен Кененова апамыз және мен болып Отеген батыр кентінде жаңадан қазақ мектебін ашууды қолға алдық. Жасыратыны жоқ коммунистік партияның ұstemдігі бәсендіген уақыт. Соған қарамастаң, “қазақ мектебін ашқызбаймыз”, — дегендер арыз-шағымды аудандық партия комитетіне қардай боратты. Оған қарап жатқан біз жоқ, алған бетімізден қайтар емеспіз. Үй-үйді аралап, қазақ балалардың тізімін алып, оларды мектепке жинап, біраз шаруаның басын қайырдық. Бірақ, мектепті ашу жоніндегі шешімді шығарып беруге келгенде, халық депутаттары жергілікті атқару комитеті тартыншақтай берді. Аудандық атқару комитетінің сол кездегі төрагасы Нордгаймердің алдына мен, Нұсіпбек Исахметов, Кеңес Алпысбаев үшеуміз бардық. Үшеуміз де бір-бір аудандық мекеменің бастығымыз, әрі коммунистік.

Нордгаймер мырза да көптеген арыз-шағымдардан мезі болып, ұлт араздығы туып кете ме деп қауілтеніп отыр екен.

Кеңес болса табандылық танытып, шешімді өз қолымен жаздырып, хатшы қызға мәшинкеге бастырып, Нордгаймерға бекіттіріп алды. Мұны бүгінде біреу білсе, біреу біле бермейді. Осылайша Кеңес Алпысбаевтың азаматтық кслбеті көбіне іс-әрекетінен, атқарған жұмысынан көрініп жататын.

Көп ұзамай, Кеңес ауданда жаңадан құрылған “Қазақ тілі” қоғамының төрағасы болып сайланды. Сол кезде ол беделін пайдаланып, аудандағы ірі-ірі өндіріс орындарының басшыларынан қазақ тілі курсын ашуды, қызметкерлерге мемлекеттік тілді үйретуді қатаң талап етіп отыратын.

Қай істі қолға алмасын, аяғына дейін жеткізбей тынбайтын табандылығы, колгірсімей, ұнамағанды бетке айтар турашылдығы ана тілінің мәртебесін көтеруде байқалып жатты. Өз тілінде сойлей алмайтын басшыларды сын тезіне алғанын талай рет көзіміз көрді де. Оның ұлтжандылығы, Отанына, еліне, жеріне деген асқақ сезімі өркез бойынан, іс-қимылынан көрініп тұратын. Нақты ісі, ақыл нарасаты арқылы Кеңес Алпысбайұлы осылайша жолдастарының, әріштестерінің, жерлестерінің құрметіне,abyroyina bølene білді. Сазгер, ақын, әрі білікті басшы Кеңес Алпысбаевтың өттен, бейнетті еңбегінің зейнетін көретін уақытта, бала-шагасының жемісін теріп, жер кезде, өмірден өткені өкінішті.

*Дүйсебек ҚАЛИ,  
Іле ауданы бойынша салық комитетінің бастығы*



## “ДОСТАРЫМА” ДЕГЕН ӘН ҚАЛАЙ ТУДЫ?

Кеңес екеуміз тайқұлындаған таңдаған жаңылардың бірінде көмекшілік мүшкін болған. Мен одан бір жас үлкен едім. 7 жасымызда мектепке барғанда, Кеңесте те бізден қалыспай мектеп табалдырығын аттады. Тіптен мұғалімдердің ескертуіне қарамастан ол келіп жүрді. Көп кешікпей сабак үлгерімі жақсарып, оқушылардың тізіміне ілінді. Ал, жыл қорытындысына оку озаты атанды. Сол әдетінен жаңылмай, 10 жылдықты үздік бітіріп шықты. Ал, Кеңестің әнгеге деген құмарлығы бала кезінен-ақ байқалған еді. Үйірмеге бірге қатысатын. Бірақ сол тұста Кеңестің білдей композитор болатындығын анғармаған екенбіз.

Оның бір әнді қалай шығарғанына куә болғаным бар. Бірде Кеңес Қапшагайдан ауылга конакқа келгенде, бір топ жолдастары Аскар, Қамар, Әскер, Тұрлықожа, мен және басқалары Әскердің үйінде отырыс жасап, әңгіме-дүкен құрдық. Анда-санда карта ойнап қалатын әдетіміз бар болатын. Кеңес бұл ойынды ойнамайтын. Жаңағы жерде біз картаның қызығына кіріскеңде, ол өзімен-өзі ондаша қалды. Содан бәріміз ауылдан Шелектегі біздің үйге келгенде:

— Жігіттер, мен сендерге арнаап “Достарыма” деген ән шығардым, — деді де дастархан басында орындалап та берді. Біз Кеңестің шығармашылығына таң-тамаша қалдық. Осы сөтте мен жұлып алғандай: — Әй, Кеңес әнің жақсы екен. Бірақ, оны республикалық радиодан тыңдамайтынша, сені композитор деп мойындармаймыз, — дедім өзілдеп. Осы сөз оның шымбайына батты ма, көп ұзамай Кеңестің сол әні радио мен теледидардан да естілді. Кезінде қазақ эстрадалық-симфониялық оркестрінің сүйемелдеуімен Нұрғали Нұсіпжанов орындалап жүрген “Достарым” деген Кеңестің әндерінің бірі осылай дүниеге келген болатын.

*Ерболат САБЫР*

## АЗАМАТ ТҰЛҒАСЫ

Азамат деген атты халқың береді. Жер басып жүргеннің бәрі, ас ішіп аяқ босатқыштар, күнделікті күйкі тіршіліктен аса алмайтындар азамат емес. Тұған-туысқа қамқорлығы, досқа адалдығы, өмірге құштарлығы, халқы үшін еңбек ететін өз сөзі бар, айналасына елді топтастыра алатын адам ғана азамат деген атаққа ие. Біздің Кеңес Алпысбаевтың бойында осы қасиеттердің бәрі бар болатын. Әр ауылдың бетке ұстар, сыртынан мақтан ететін азаматы болады, сондай жанның бірі Кеңес еді.

Екеуміз бір ауылда туып-өскенмен, Кеңестің бала кезінде әлі ой-өрісі толыспаған, қарым-қабілеті жетілмеген шағында мен қызмет бабымен басқа ауданға ауысып кеттім. Араға уақыт салып, тұған ауылға келіп-кетіп жүргенде, Кеңестің жүріс-тұрысына, сөйлеу мәнеріне, әдебиет пен өнерге деген қабілетін көріп, өзгеріп, өмірге басқа қырынан қарайтын, достарының ортасында қадірлі, өз сөзі бар атпал азамат болғандығына мәз болып, разылығымды білдіруші едім. Әр адамға өзінің тұған жерінен, кіндік қаны тамған топырағынан киелі мекен болуы мүмкін емес. Біреу шөлде, біреу құмда, біреу тауда туады, бірақ сол жер соған ыстық. Біз Кеңес екеуміз Жетісудың жерінде, Алатаудың етегінде, Алматының басындағы шың-құз мұздактардан бастау алтын Шелек және Асы өзендерінің ортасындағы Жаңашаруа деген айналасы ағаш-орман, самал желі есіп тұратын құтты мекенде өмірге келіппіз. Екеуміздің жас айырмашылығымыз 5 жыл шамасында. Кеңестің ағасы Оқан екеуміз дос болдық. Құні-тұні бірге жүрдік, барымызды ортақ бөлістік. Жаны жайсан, ақ көніл, аузын ашса, жүрегі көрінетін ерекше жан еді.

Оқан, Кеңес, Қалижанның анасы Әзиза апамыз өте көрікті, сөзге шешен, ақылды адам болды. Соғыс жүріп жатқан кез, ауылда өңкей кемпір-шалдар мен жас балалар, жесір әйелдер қалды. Сол кезде Әзиза апамыз бригадир болып істеді. Құні-тұні үйықтамай, қалған елдің басын

қосып, “Майдан, жеңіс үшін!” — деген ұранмен жұмыс істеді, елді үйымдастырыды. Ол кезде жағдай өте ауыр болды. Өгізді, кейде сиырды да соқаға шегіп жер айдал, астық егеміз, темекі өсіріп, шоп шабамыз, бір тыным көрмейміз. Осы жұмыстардың басында Әзиза апамыз жүретін. Жөні тұзу киім жайында ойланудың өзі ерсі, ұят сияқты көрінетін. Тойып тамақ ішү, рахаттанып үйқы қандыру арман болатын. Жарықтық менің әкем Сабыр үнемі бізге Алпысбай мен Әзизаның балалары Оқанмен, Кеңеспен дос болындар деп айтып отыруши еді. Айтқаны келіп біздердің де мінезд-құлқымыз жарасып, дос болып, әр мәселеде де ортақ шешімге келіп жүрдік. Уақыт өз дегенін істейді, біз де есейдік. Тағдыр әр кімді әр жаққа лақтырыды. Арада ұзлістер болды, бірақ сыртта жұрсек те елдің амандығын тілеп жүруші едік.

Кейін Кеңес дүниеден озды деген хабар келгенде, жүрек шашып, есендіреп қалдық. Жоғарғы жаққа да жақсы адам керек болды ма, Алла тағала Оқанды да Кеңесті де ертерек өмірден алыш кетті. Біздердің бір тәубе жасайтынымыз, екеуі де үйленіп, отау құрып, жақсы жар тауып, артына ұрпақ қалдырыды. Азаматтық міндеттерін атқарып кетті. Кеңестің жары Райхан Әзиза апамызды өз шешесіндегі ардақтап, үлде мен бұлдеге орап, төрге отырғызып сыйлады. Керек кезінде сырласты, акыл сұрады, үйренді, ару ана болды. Ұл-қыз өсіріп, келін түсірді, немере сүйді. Қазір солардың ортасында біреуін арқалап, біреуін жетектеп “тәубе” деген тілекпен өмір сүріп жатыр. “Жақсы жар жаныңды гүл етеді, ғұмырыңды күн етеді”, — деп отыруши еді Кеңес. Себебі біздің Райхан сондай жан. Оның да жөні бар. Әйтеуір біздің билетініміз Райханды тау-тасты кезіп, Іле-Балқашты жағалап, қасқайып тұрып құлашты кеңге сермел өлеңдерін оқып, жаныңды жадыратып, жүректі тербетіп өзі шығарған махаббат әндерін айтып жүріп, қырық сұлудың ішінен, Хантәңірінің етегінен, Қарқара қойнауының төрінен тауып, жүрегін ұсынған сұлуы еді. Құдай қолдап, екеуі ел-жұрт, дос жаранның ортасында сыйлы отбасы болды. Еліне, халқына адал еңбек етті. Ол еңбегі бағаланып, еленді де.

Ұзақ жыл басқа аудандарда қызмет істеп, 1992 жылы көктемде өзімнің туған ауылым “Арал” деген колхозға басшы